

Кепілдіктерді шығаруға келісім

Бұдан әрі «Шарттар» деп аталатын, Кепілдіктерді шығаруға келісімнің осы талаптары, «ForteBank» АҚ-ның (бұдан әрі – Кепілгер/Банк) заңды тұлғалармен және жеке кәсіпкерлермен (бұдан әрі - Принципал/Қарыз алушы) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 бабында көзделген тәртіпте кепілдіктер ұсыну туралы келісім жасауы мақсатында дайындалды. Кепілдікті шығару бойынша талаптар, қамтамасыз ету түрі, мөлшері, валютасы, мерзімі, әрбір Кепілдіктің шығарылған күні, Бенефициардың атауы Бланкілі кепілдік ұсыну туралы өтініштерде/Өтелген кепілдікті ұсынуға өтініште анықталады.

1. ТЕРМИНДЕР

Осы Талаптардың мәтіні бойынша қолданылатын, бас әріппен жазылатын терминдер келесідей анықталады:

1.1. Бенефициар – Кепілгер Принципалдың өтініші бойынша оның пайдасына кепілдік шығарған және мына тұлғалардың біріне жататын заңды тұлға (Қазақстан Республикасы резиденті немесе резидент емес):

- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар;
- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ;
- дауыс беретін акцияларының елу және одан астам пайызы (қатысым үлесі) тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-ға тиесілі ұйым;
- бір жақты тәртіпте және өз қалауы бойынша Кепілгер ретінде белгіленген тұлғалар тізіміне кіретін ұйым.

1.2. Кепілдік – Принципалдың келісімшарт бойынша Кепілгер алдындағы міндеттемелерін орындауына (Бланкілі кепілдік) қамтамасыз етуді бермей-ақ немесе ақша түрінде қамтамасыз ету ұсыну арқылы (өтелген кепілдік), Принципалдың Байқауға/Тендерге қатысуына байланысты Принципалдың сұранысы бойынша және оның Бенефициар алдындағы өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін осы Шарттардың шегінде Кепілгер берген банктік кепілдік.

1.3. Жаңғыртылатын лимит – Кепілгер белгілеген сома, оның шегінде Принципал Кепілдіктің босатылған/өтелген сомасының есебінен бір немесе бірнеше Кепілдік ала алады. Жаңартылатын лимит мөлшері ашық болады және www.forte.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылады.

1.4. Бланкілі кепілдіктер бойынша қосылу туралы өтініш – Кепілдіктер шығаруға келісімге қосылу туралы Принципалдың жазбаша өтініші.

1.5. Бланкілі кепілдік беруге өтініш/Өтелген кепілдік беруге өтініш – Кепілгердің Шарттың шегінде Бенефициар пайдасына бір немесе бірнеше кепілдік шығаруға Принципалдың жазбаша өтініші.

1.6. Байқау – ақылы негізде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу және олармен әрі қарай Келісімшарт жасау мақсатында жеңімпазды таңдау үшін Бенефициар жүргізетін Байқау /электронды байқау/ аукцион/ тендер/ электрондық тендер.

1.7. Келісімшарт – Мемлекеттік сатып алулар туралы шарт/Сатып алу-сату шарты немесе олар бойынша Кепілдік беру/төлем/аванстық төлемді қайтару көзделетін Клиент Сатушы (Өнім беруші) ретінде болатын басқа да құжаттар немесе міндеттемелерді орындаудың қамтамасыз етуі бойынша Кепілдік шығарылатын басқа да шарт немесе кедендік баж салығы, салықтар төлемі бойынша қамтамасыз ету сомасының есебін растайтын басқа да құжаттар.

1.8. Қарыз – Клиенттің жауапкершілігімен, Бланкалық кепілдік бойынша қосылу туралы өтініште және Банктік қарыз шартында айқындалған талаптарда ұсынылатын, банктің кредиттік тәуекелдері бар қолма-қол ақшасыз қаржыландыру түріндегі банктік қызмет, ол Кепілгер тарапынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылуы мүмкін.

2. КЕЛІСІМ МӘНІ

2.1 Принципал Бланкілі кепілдіктер бойынша қосылу туралы өтінішке/Өтелген кепілдіктер шығаруға өтінішке қол қоя отырып, Бланкілі кепілдіктер бойынша қосылу туралы өтініштің/Өтелген кепілдіктер шығаруға өтініштің ажырамас бөлігі болып табылатын Шарттарды қабылдайды және оған қосылады

2.2 Кепілгер осы Шарттың аясында, жаңартылатын лимит шегінде Кепілгердің әрекеттегі шарттарында анықталған талаптарда Кепілдік шығарады, ал Принципал Бланкілі кепілдік беруге өтінішінің/Өтелген кепілдіктер шығаруға өтініштің негізінде бір немесе бірнеше кепілдік ала алады.

2.3 Кепілдікті шығару үшін Клиент Кепілгерге Бланктік кепілдік беру туралы өтінішті/Ақшалай қамтылған кепілдік беру туралы өтінішті жіберген күні Кепілгер анықтаған және талап ететін және Талаптар мақсаттары үшін қажетті әрі жеткілікті құжаттарды қоса тіркей отырып, Бланктік кепілдік беру туралы өтінішті/Ақшалай қамтылған кепілдік беру туралы өтінішті жібереді. Бланктік кепілдік беру туралы өтініштегі/Ақшалай қамтылған кепілдік беру туралы өтініштегі деректердің Конкурс /Тендер құжаттамасының /Келісімшарттың /өзге құжаттаманың талаптарына, сондай-ақ Талаптар мақсаттарының сәйкестігіне сай келген жағдайда, Кепілгер Клиенттің талап еткен Кепілдігін шығарады немесе осы Талаптарды қарастырылған тәртіпте және негіздемеде Кепілдікті шығарудан бас тартады.

2.4 . Кепілгер төмендегі жағдайлардың бірінде (Бланктік кепілдік беру туралы өтінішті/Ақшалай қамтылған кепілдік беру туралы өтінішті беру күніне) Кепілдік беруден бас тартуға құқылы:

- Кепілгердің уәкілетті органы белгілеген талаптарға Клиенттің сай келмеуі;
- Клиенттің Кепілгерде ашылған банктік шоттары бойынша уақытылы төленбеген төлем құжаттарының, тыйым салулардың немесе шығыс операцияларын тоқтату туралы өкімдердің болуы;
- Клиенттің Кепілгер және екінші деңгейлі банктер алдындағы мерзімі өткен міндеттемелерінің болуы;
- Клиенттің ұсынған құжаттар пакеті Бланктік кепілдік беру туралы өтініштің /Ақшалай қамтылған кепілдік беру туралы өтініштің талаптарына сәйкес болмауы;
- Бенефициардың бұрын берген, Кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау туралы өтелмеген талаптарының болуы;
- Егер Клиент Кепілгермен ерекше қатынаста болған жағдайда —Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасында көзделген бланкілі кепілдік бойынша рұқсат етілген кепілдік сомасының асып кетуі;
- Сұратылған Кепілдік нысанының Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кепілгердің талаптарына сәйкес келмеуі;
- Клиенттің Кепілгер алдындағы жалпы берешегінің Кепілгердің меншікті капиталының 5% (бес процентінен) асуы;
- Ақшалай қамтылған немесе Бланкілі кепілдік бойынша жаңғыртылатын лимиттің асып кетуі.

2.5.Берілген Кепілдік Клиенттің Бланктік кепілдік беру туралы өтінішіне/Ақшалай қамтылған кепілдік беру туралы өтінішіне сәйкес келген жағдайда, Кепілгер Бенефициар тарапынан Кепілдікті қабылдамағын үшін жауап бермейді, ал Клиент көтерген барлық шығын мен төлеген комиссиялар қайтарылмайды және өтелмейді. Бұл ретте Бенефициар Кепілдікті қабылдамаған жағдайда, Тараптар жаңа Бланктік кепілдік беру туралы өтініштің/Ақшалай қамтылған кепілдік беру туралы өтініштің талаптарында немесе берілген Кепілдіктер талаптарына өзгеріс енгізу туралы Клиенттің өтініші негізінде жаңа Кепілдік беру немесе берілген Кепілдік талаптарын өзгерту туралы келісімге келе алады.

2.6. Осы Талаптар бойынша Клиенттің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде, егер Ақшалай қамтылған кепілдік берілсе, Клиент Кепілгердің меншігіне берген Өтініште көрсетілген мөлшердегі ақша (бұдан әрі – «Қамтамасыз ету ақысы»).

2.7. Кепілгер Ақшалай қамтылған кепілдіктер бойынша Қамтамасыз ету ақысын (бланктік кепілдіктерді қоспағанда) арнайы шотқа – 2860-20 «Клиенттердің кепілдіктер бойынша

қамтамасыз ету ақысы ретінде қабылданған ақшалай сомасының есебі» (мәтін бойынша бұдан әрі – «арнайы шот») аударлады.

2.8. Клиент Кепілгер алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда және/немесе Кепілгер шығарылған кепілдік бойынша Бенефициардың талабын орындаған жағдайда, Қамтамасыз ету ақысы -шығарылған кепілдік бойынша Бенефициардың талабын орындау нәтижесінде туындаған шығындарды Клиенттің өтеу жөніндегі міндеттемесін орындауға есептеледі.

2.9. Талаптардың 2.8. тармағында көзделген жағдайлар туындамаған немесе Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына, Кепілгердің ішкі қағидаларына және осы Талаптарға сәйкес Клиент өз міндеттемелерін толық орындағаннан кейін Қамтамасыз ету ақысы Клиенттің меншігіне қайтарылады.

2.10. Қамтамасыз ету ақысына сыйақы (мүдде) есептелмейді.

2.11. Ақшалай қамтылған кепілдік сомасы ұлғайған жағдайда, Клиент кепілдік сомасының тиісті ұлғаюын қамтамасыз ететін мөлшерде Қамтамасыз ету ақысын қосымша толықтырып енгізуге міндетті. Ақшалай қамтылған кепілдік сомасы азайтылған жағдайда, Банк ақшалай қамтылған кепілдіктің азайтылған сомасына тең, Клиентке қайтаруға жататын Қамтамасыз ету ақысының тиісті бөлігін қайтарады.

3. ПРИНЦИПАЛДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. Принципал міндетті:

3.1.1. Кепілгердің тарифтеріне сәйкес Кепілдік ұсыну қызметіне байланысты Кепілгерге барлық комиссияларды төлеуге;

3.1.2. Кепілгер белгілеген мерзімдерде және тәртіпте Кепілдік шығаруға және/немесе Кепілгердің Бенефициар талаптарын төлеуге қажет болатын Қазақстан Республикасының заңнамасында, Байқау талаптарында және/немесе Кепілгердің ішкі ережелерінде қарастырылған барлық құжаттардың алынуын қамтамасыз етуге;

3.1.3. Кепілгердің пошта-телеграфтық және Кепілдік ұсынуға байланысты басқа да шығыстарын Кепілгерге төлеуге;

3.1.4. өз ісінің келешекте жойылуы, қайта құрымдалуы, құқықтық мәртебесінің өзгеруі немесе Принципалдың басқа заңды (резидент, резидент емес) тұлғалардың басқаруына табысталуы туралы тиісті оқиғаның туындауына дейін Кепілгерге 20 (жиырма) жұмыс күн бұрын уақытында хабарлауға;

3.1.5. Кепілгерге Принципалдың байқауға қатысуға берген өтінімін кері шақырып алу ниетінің бар екендігін, Байқаудың тоқтатылуы туралы, Келісімшарт бойынша міндеттемелерді мерзімнен бұрын орындау ниеті туралы, Бенефициар алдында Келісімшарт бойынша міндеттемелерді бұзу туралы, егер бұл Кепілдік бойынша міндеттемелердің орындалуын немесе басқа әрекеттер жасауға (әрекетсіздік) алып келсе, Бенефициардың Кепілдік бойынша Кепілгерге талаптар қоюын туындататын (туындатуы мүмкін) өзге де іс-әрекеттердің жүргізілуі туралы жоспарланған тиісті әрекет жасау (әрекетсіздік) күнінен 3 (үш) жұмыс күн бұрын ескертуге;

3.1.6. Байқауға/Тендерге қатысу өтінімінің әрекет ету мерзімі ұзартылған жағдайда, мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кепілгерге Байқауға қатысу өтінімінің жаңа әрекет ету мерзімі көрсетілген тиісті жазбаша хабарлама жіберуге немесе Келісімшартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда, қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кепілгерге Келісімшарттың Қосымша келісімінің көшірмесін ұсынуға;

3.1.7. Кепілгердің талап етуі бойынша Кепілгердің жазбаша талабын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Байқау/Келісімшарт талаптарын жүзеге асырудың барысы туралы кез келген ақпаратты және барлық қажетті құжаттарды ұсынуға;

3.1.8. Кепілгердің Бенефициар мен Кепілгер алдындағы міндеттемелерді орындауға бағытталған барлық талаптарын орындауға;

3.1.9. Бенефициар Кепілгерге оның Бланкілі кепілдік бойынша міндеттемелерін орындауы туралы талап қойған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Банкте ашылған ағымдағы шотта Кепілгердің Бенефициар талаптарын төлеуге жеткілікті мөлшердегі соманың болуын қамтамасыз етуге;

3.1.10. байланыстылықты растайтын құжаттарды ұсына отырып, Кепілгерге онымен байланыстылық туындағандығын тез арада хабарлауға;

3.1.11. Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін уақытында, толық және тиісті түрде орындауға;

3.1.12. Клиент осы Талаптар бойынша Кепілгердің алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда, Клиент осы арқылы Кепілгерге кері алынбайтын және сөзсіз құқық береді:

1) Республикасы Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен, Клиенттің Кепілгерде ашылған шоттарынан ақшаны дебеттеу арқылы немесе Клиенттің банктік шоттарынан ақшаны алу (шегеру) құқығын сөзсіз және даусыз тәртіпте жүзеге асыруға, және/немесе Қазақстан Республикасы аумағында және оның шегінен тыс орналасқан банктерге және/немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға Клиенттің шоттарынан, оның ішінде кәсіпкерлік мақсаттарға ашылған шоттардан ақшаны алу (шегеру) туралы төлемдік немесе өзге де құжаттарды ұсынуға, оларды орындау үшін Клиенттің рұқсаты талап етілмейді;

3.1.13. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолымен және терроризмді қаржыландырудан алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстату) қарсы әрекеттер туралы заңнамасының талаптарын сақтау үшін, сондай-ақ жеке /дербес мәліметтерін жинау, өңдеу және оған қоса оларды Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органы арқылы FATCA талаптарына сәйкес АҚШ (Internal Revenue Service) Салық Қызметіне беру үшін Кепілгер сұратқан барлық құжаттарды Кепілгерге ұсынуға.

3.1.14. Кепілгер талап еткен мерзімдерде, сомасында және тәртібінде Кепілгерге бұрын берілген барлық Қарыздардың қайтарылуын және Кепілгерге сыйақы/комиссиялық сыйақы/Принципалға қызмет көрсетуді қаржыландыру үшін комиссиялар сомасын төлеуді қамтамасыз етуге

3.1.15. осы Талаптарға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімдерді Кепілгердің тиісті талабында көрсетілген тәртіпте және мерзімде осы Талаптарға қол қою. Егер Кепілгер осы Талаптардың талаптарын біржақты тәртіпте өзгертсе, Клиенттің қосымша келісімдерге қол қоюдан бас тартуы олардың жарамсыздығына әкеп соқпайды.

3.1.16. Кепілдіктің әрекет ету мерзімін тоқтатуға алып келетін (тоқтататын) кез келген жағдайлар туралы Кепілгерге хабарлауға.

3.1.17. Осы Келісімшарттың /Кепілгердің талабы бойынша осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты барлық қажетті құжаттарды ұсынуға.

3.2. Принципал құқылы:

3.2.1. Кепілгерден Бенефициарлардың шығарылған Кепілдіктер бойынша талаптарын орындағандығы туралы, Кепілгер Принципалға Принципалдың жазбаша сұранысын алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде беруге міндетті ақпаратты алуға;

3.2.2. Кепілгерден осы Шарттың талаптарына сәйкес олардың пайдасына Кепілдік шығарылуы мүмкін Бенефициарлар тізімі туралы ақпаратты сұрауға;

3.2.3. осы Талаптарға сәйкес, Кепілгерге Ақшалай қамтылған кепілдік бойынша Қамтамасыз ету ақысы ретінде кепілге берілген ақшаны қайтаруды талап етуге, Бенефициар алдында тек осы Талаптар және/немесе Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін (Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжаттарды ұсыну арқылы) толық орындағаннан кейін ғана, міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжаттарды ұсына отырып, қайтаруды талап етуге құқылы.

3.2.4. осы Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4. КЕПІЛГЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. Кепілгер міндетті:

4.1.1. осы Шартта белгіленген тәртіпте және талаптарда Кепілдіктерді шығаруға;

4.1.2. Ақшалай қамтылған кепілдік шығарылған кезде, Клиенттің Ақшалай қамтылған кепілдік беру туралы өтінішінде көрсетілген сомада және Кепілгердің талаптарына сәйкес келетін мөлшерде Клиенттен Қамтамасыз ету ақысы ретінде ақшаны Клиент осы Талаптар бойынша барлық міндеттемелерін толық орындағанға дейін қабылдауға;

4.1.3. Принципалға Кепілгер алдындағы міндеттемені орындау мерзімінің өткендігі туралы ол туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде кез келген тәсілмен хабарлауға (Принципалдың электрондық адресіне хабарлама жіберу арқылы және (немесе) осы Шарттың 9 бөлімінде көрсетілген нөмірлер бойынша телефон соғу арқылы);

4.1.4. Принципалдың жазбаша жүгінуін Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде қарауға және жазбаша жауап дайындауға;

4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кепілгердің шығарылған Кепілдік бойынша өз міндеттемелерін орындауы туралы Бенефициардың заңды талабын орындауға.

4.1.6. Бір жақты өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта тыйым салынатын талаптарды есепке алмағанда, бір жақты соттан тыс тәртіпте өзінің қалауы бойынша Тарифтерді өзгертуге және/немесе толықтыруға, көрсетілген өзгерістер және/немесе толықтыруларды барлық Филиалдарда/Банк бөлімшелерінде және/немесе Банктің <http://www.forte.kz/> ресми интернет сайтында жариялау арқылы күшіне енгізу сәтіне дейін Клиентке алдын ала 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарлау арқылы.

4.1.7. Бір жақты өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта тыйым салынатын талаптарды есепке алмағанда, бір жақты соттан тыс тәртіпте өзінің қалауы бойынша Тарифтерді өзгертуге және/немесе толықтыруға, көрсетілген өзгерістер және/немесе толықтыруларды Банк филиалының операциялық залдарында, Банктің <http://www.forte.kz/> ресми интернет сайтында жариялау арқылы күшіне енгізу сәтіне дейін Клиентке алдын ала 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарлау арқылы.

4.2. Кепілгер құқылы:

4.2.1. Принципалдың қаржылық жағдайын тексеруге;

4.2.2. Банктік шоттан ақша алуға Принципалдың нұсқауы болып табылатын, Принципалдың Өтелген кепілдік шығаруға берген Өтінішіне сәйкес арнайы шотқа аудару үшін Принципалдың банктік шотынан ақшаны есепте шығаруға;

4.2.3. Принципалдан кез келген құжатты, мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей-ақ, сұратуға: байқау құжаттамасын, Принципалдың Байқауға қатысу өтінішін, Байқау нәтижелері туралы хаттаманы, Принципалдың Байқаудың жеңімпазы болып танылғаны жөніндегі хабарламаны, барлық қосымша келісімдері мен қосымшаларын қоса Келісімшартта, салыстыру актісін, атқарылған жұмыс/қызмет актілері және Кепілгер Қазақстан Республикасының қылмыстық жолымен және терроризмді қаржыландырудан алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстату) қарсы әрекеттер туралы заңнамасының талаптарын сақтауы үшін, сондай-ақ Клиенттің және Алушының жеке/дербес мәліметтерін жинау, өңдеу және оған қоса оларды Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органы арқылы FATCA талаптарына сәйкес АҚШ (Internal Revenue Service) Салық Қызметіне беру үшін қажетті құжаттарды және кез келген ақпаратты;

4.2.4. Кепілгер Клиенттің Кепілгерде ашылған банктік шоттарынан ақша қаражатын шығарып алуға құқылы:

Республикасы Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен, Клиенттің Кепілгерде ашылған шоттарынан ақшаны дебеттеу арқылы немесе Клиенттің банктік шоттарынан ақшаны алу (шегеру) құқығын сөзсіз және даусыз тәртіпте жүзеге асыруға, және/немесе Қазақстан Республикасы аумағында және оның шегінен тыс орналасқан банктерге және/немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға Клиенттің шоттарынан, оның ішінде кәсіпкерлік мақсаттарға ашылған шоттардан ақшаны алу (шегеру) туралы төлемдік немесе өзге де құжаттарды ұсынуға, оларды орындау үшін Клиенттің рұқсаты талап етілмейді; Бұл ретте Клиент келісе отырып мынаны мақұлдайды, егер бұзылған міндеттеме валютасы және Кепілгер акцептсіз тәртіпте өндіріп алатын сома валютасы әртүрлі болған жағдайда, Кепілгер алынған соманы Клиенттің міндеттемесі орындалуға тиіс валютаға, ақша есептен шығарылған күнге Кепілгер белгілеген бағам бойынша, ауыстырады/конвертациялайды.

4.2.5. бір жақты соттан тыс тәртіпте мыналарды өзгертуге/толықтыруға:

4.2.5.1. осы Шарттар бойынша пайдасына Кепілдіктер шығарылуы мүмкін Бенефициарлар тізімін.

- 4.2.5.2. Бланкілі кепілдікті беру туралы Өтініш нысанын;
- 4.2.5.3. Принципал үшін жақсарту жағына қарай осы Шарттың ережесін;
- 4.2.5.4. Кепілдіктер шығару үшін қажетті құжаттар тізімін.
- 4.2.6. Кепілгердің Принципалға осы Шарттың тармағына сәйкес жүргізген өзгерістері/толықтырулары туралы хабарлама жолдау талап етілмейді. Енгізілген өзгерістермен/толықтырулармен Принципал www.forte.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында танысуға құқылы, бір жақты өзгертуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған немесе Кепілгерге, оның ішінде оның филиалдарына (Кепілгер филиалдарының қосымша үй-жайларына) жүгіну талаптарын қоспағанда;
- 4.2.7. Оның құқықтары мен мүдделерін, оның ішінде Принципалдың Кепілгер алдындағы берешегін қайтару үшін жеткілікті Қазақстан Республикасының заңнамасында және банк тәжірибесінде тыйым салынбаған қажетті кез келген шараларды қолдануға;
- 4.2.8. Кепілгер төмендегі жағдайларда операцияны жүргізуді тоқтатуға және/немесе операцияны орындаудан бас тартуға құқылы:
- 1) егер мәміленің /операцияның немесе мәміле бойынша міндеттемелердің бір тарабы /қатысушысы болса:
 - а) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға қатысы бар ұйымдар мен тұлғалардың уәкілетті мемлекеттік орган жасақтайтын Тізіміне енгізілген ұйым немесе тұлға болса;
 - б) Тізімге енгізілген ұйымның немесе тұлғаның тікелей немесе жанама бақылауындағы заңды тұлға болса;
 - в) Тізімге енгізілген тұлға атынан немесе оның нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға болса;
 - г) халықаралық ұйым немесе шетел мемлекеті «ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырудың жоғары тәуекелі бар ел» деп таныған аумақта тіркелген немесе орналасқан тұлға болса, не операцияға осындай тұлға қатысатын болса;
 - 2) Клиенттің операцияларының мақсаты қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру болып табылады деген күмән туындаған жағдайда;
 - 3) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда.
- 4.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда, сонымен қатар келесі жағдайларда біржақты тәртіпте орындаудан бас тартуға және Шартты бұзуға:
- 1) Принципал таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда, таратылу/қайта ұйымдастыру дерегін растайтын құжаттар бар болған кезде;
 - 2) егер Кепілгер операциялар қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру (жылыстату) мақсатында жасалса және/немесе операцияның бір тарабы (тараптары) лаңкестікті және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар Тізіліміне енгізілген ұйым немесе тұлға болып табылатындығын негізді тұжырымдағанда;
 - 3) Принципал қажетті құжаттар мен ақпаратты бермегенде, оның ішінде оларды ҚР уәкілетті органы арқылы FATCA талаптарына сәйкес АҚШ (Internal Revenue Service) Салық Қызметіне жинауға, өндеуге және беруге келісімін беруден бас тартқанда, бұған Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес ондай жабуларға рұқсат етілмейтін жағдайларын қоспағанда;
 - 4) Принципалға қатысты оның қызметін заңсыз деп тану туралы сотқа дейінгі/соттың істі қарауы жүргізілуін нұсқайтын жағдайлардың болуы кезінде, сондай-ақ Кепілгер мен оның клиенттеріне қатысты олардың мүдделірен нұқсан келтіретін заңсыз әрекеттерді жүзеге асыру үшін пайдаланатын басқа да жағдайлар болған кезде;
 - 5) егер, Кепілгердің көпшілікке танымал қызметіне, Кепілгердің ішкі үрдістері мен талаптарына қатысты осы Шарттың, Қазақстан Республикасының және шет елдердің заңнамасының және корреспондент банктің талаптары бұзылады деген ойы болса, сонымен қатар Банкке және Салымшыға қатысты кез-келген елдің, халықаралық ұйымның құзыреттілігіне сәйкес санкциялары болған жағдайда (соның ішінде, бірақ шектелмей, операция түрімен, тіркеу мемлекетімен және

(немесе) Салымшының және оның лауазымды тұлғаларының, акционерлерінің/қатысушаларының, бенефициарлық иелерінің, еншілес және қауымдастырылған ұйымдарының орналасқан жеріне байланысты, сонымен қатар, аталмыш елдерге/аталмыш тұлғаларға немесе аталмыш елдерден/аталмыш тұлғалардан өткізілетін төлемдермен).

4.2.10. Кепілгер Ақшалай қамтылған кепілдіктер бойынша Клиенттің Кепілгер алдындағы міндеттемелерін орындау мақсатында Қамтамасыз ету ақысын есепке алуға және Клиентке қойылатын талаптарын:

— банктік кепілдік (негізгі борыш) бойынша;

— сыйақы (мүдде) бойынша;

— міндеттемені орындамауына байланысты залалдар бойынша;

— өсімпұл, айыппұлдар және өзге шығыстар бойынша, Кепілгер талаптарын нақты қанағаттандырған күнге сәйкес толық көлемде өтеуге құқылы.

4.2.11. Принципал қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Принципалға кепілдік шығарудан бас тартуға.

5. КЕПІЛДІКТІҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ

5.1. Кепілгер Кепілдік бойынша міндеттемелерін Кепілдік тоқтатылғанға дейін және Бенефициар тиісті талап қойған жағдайда ғана Кепілдікте белгіленген тәртіп бойынша атқаратын болады.

5.2. Кепілдік міндеттемелердің тоқтатылғаны туралы Кепілгерге Бенефициардан жазбаша хабарлама тапсырылғанда немесе Кепілдік әрекеттерінің тоқтатылғаны туралы Принципалдың жазбаша хабарламасы және мына жағдайлардың орын алғандығын растайтын құжаттар ұсынылғанда:

- Байқау талаптарында белгіленген Байқауға қатысуға арналған өтінімдерді тапсырудың соңғы күні аяқталғанға дейін Принципалдың байқауға қатысуға өтінімінің кері қайтарылуы;

- Байқау аясындағы сатып алулардың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес Байқау жүлдегері атанбағы туралы хаттамаға Принципалдың қол қоюы;

- сатылымдар туралы шартының күшіне енуі және Принципалдың Байқау жүлдегері ретінде байқаулық құжаттамада қарастырылған сатып алулар шартын атқаруға қамту енгізуі;

- Принципалдың Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындауы;

- Принципалдың Байқауға қатысу өтінімінің қолданыс мерзімінің аяқталуы;

Құжаттар ұсынылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кепілгер осы құжаттарды Кепілдіктің әрекет етуінің тоқтатылуын растауға жеткілікті құжаттар ретінде қабылдау туралы шешім қабылдайды. Құжаттарды қарау нәтижесінде Кепілгер келіспеген жағдайда, Принципалдың мекенжайына тиісті құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы тиісті жазбаша хабарлама (бас тартудың және/немесе ұсынылған құжаттардың мазмұнына ескертулердің негіздерін /қосымша құжаттар ұсыну қажеттігін көрсете отырып) жібереді. Кепілгерге жазбаша хабарлама жібергенде де және/немесе жаңа құжаттарды қайта ұсынғанда да осы тармақта көрсетілген тәртіп сақталады.

5.3. Егер Принципалға Бенефициардан байқауға қатысу өтінімінің қолданыс мерзімін ұзарту туралы өтінім, Келісімшарт бойынша міндеттемелер жіберілетін болса, онда Кепілдіктің алғашқы қолданыс мерзімінің өзгеру мүмкіндігіне байланысты Тараптардың қатынастары осы Шарттың талаптарында белгіленген тәртіпте реттеледі.

5.4. Принципал Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартқан жағдайда, Принципалдың қосымша өтінішінің негізінде Кепілгердің жауапкершілік мерзімі қайта қаралуы мүмкін.

5.5. Кепілдік талаптары Кепілгердің қарауы бойынша ерікті үлгіде ұсынылған Принципалдың қосымша өтінішінің негізінде Кепілдікке енгізілетін өзгертулерге қол қою арқылы өзгеруі мүмкін.

5.6. Кепілдікті тоқтату Кепілдікке қолданатын құқықта қарастырылған жағдайларда жүзеге асырылады. Егер Принципал Кепілгердің Кепілдіктегі міндеттемелерінің тоқтатылуын тудыратын Кепілдік бойынша Бенефициар алдындағы міндеттемелерінің тоқтатылғаны туралы Кепілгерге хабарламаған жағдайда, Кепілгер өзінің Кепілдік бойынша міндеттемелерін, оның әрекет ету мерзімі тоқтатылғаннан кейін (толығымен немесе ішінара) орындаған жағдайда, Принципал Кепілгер алдында толығымен жауап береді.

6. КЕПІЛГЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ТӨЛЕУ

6.1. Осы Талаптардың шеңберінде берілетін әрбір Кепілдік үшін, сондай-ақ Кепілдікті өзгерткен жағдайда, Клиент Кепілдікті беру/өзгертудің алдында Кепілгердің тарифтеріне сәйкес комиссияларды төлейді.

Кепілдік сомасы және/немесе оның қолданылу мерзімі қысқарған кезде, Клиент Кепілгерге төлеген (немесе төлеуге тиіс) комиссиялар қайта есептеуге жатпайды.

Кепілгер комиссиялардың барлық сомасын Клиенттің «ForteBank» АҚ-да ашылған банктік шоттарын акцептісіз және қарсылықсыз дебеттеуі арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге тәсілмен төленеді.

6.2. Егер комиссияларды төлеу күні жексенбі немесе мереке күндеріне түсетін болса, онда комиссия жексенбі немесе мереке күндерінен кейінгі күні төленеді.

6.3. Кепілдік арқылы қамтамасыз етілетін, сәйкесінше Кепілдіктің тоқтатылуына ұшырататын міндеттемелер тоқтатылған жағдайда, Кепілгерге төленген комиссиялар қайтарылмайды.

6.4. Бенефициар Кепілгерден Кепілдік бойынша міндеттемелерін атқаруды талап еткен жағдайда, Кепілгер бұл туралы Принципалға хабарлайды және Бенефициардың талабын Кепілдікте көзделген, Кепілдікке қолданатын құқық талаптарын сақтай отырып, Өтелген кепілдік бойынша Кепіл мүлкі есебінен орындайды. Бланкілі кепілдік бойынша Принципал Кепілгердің Бенефициардың талабын атқарған күні Бенефициарға Кепілдік бойынша төленген соманы Кепілгердің шотына аударуға міндетті.

6.4. Бенефициар Кепілгерге Кепілдік бойынша міндеттемені орындау туралы талап қойған жағдайда, Кепілгер бұл туралы Клиентке хабарлайды және Бенефициардың талабын Кепілдікке қолданылатын құқық талаптарын сақтай отырып, сосын Кепілгердің шығындарын Қамтамасыз ету ақысы есебінен өтеу арқылы Кепілдікте көзделген тәртіпте орындайды.

Клиент Бланкілі кепілдік бойынша Кепілгер Бенефициардың талабын орындаған күні Кепілгердің шотына соңғысы Бенефициарға Кепілдік бойынша төлеген соманы аударуға міндетті..

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Тараптар осы Шарт талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

7.2. Кепілгердің Бенефициарға Кепілдік бойынша төлеген сомасын Клиент осы Талаптарда көзделген мерзімде өтеуге тиіс міндеттемесін орындамаған жағдайда, Клиенттің Кепілгерге төлемеген әрбір ақша сомасы Кепілгер тарапынан Клиентке берілген Қарыз (овердрафт) болып есептеледі. Берілетін Қарызды (овердрафт) ұсыну талаптары- Кепілгердің www.forte.kz сайтында жарияланған, Бланкілі кепілдіктер бойынша Қосылу туралы өтінішінде және Банктік қарыз шартында айқындалады.

7.3. Принципал Қарыз Кепілгердің Принципалға беруге (қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз түрде) тиісті еместігімен және Принципалға Кепілгер осы Шартқа сәйкес үшінші тұлғалардың алдындағы қабылдаған шартты (мүмкін болатын) міндеттерін орындайтын келесі күннен кешіктірмей берілген болып есептелетіндігімен келіседі.

7.4. Принципал осы Шарттар бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Кепілгер бір жақты тәртіпте Принципалдың Кепілгерде ашылған банктік шоттары бойынша барлық шығыс операцияларды тоқтатуға құқылы.

7.5. Клиент осы Талаптар бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Кепілгер мынаған құқылы:

(а) Клиенттің банктік шоттарын дебеттеу арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге тәсілмен Клиенттің шоттарынан ақшаны қарсылықсыз және даусыз (акцептсіз) тәртіпте алуға және/немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі кез келген банктерге Клиенттің шоттарынан, соның ішінде кәсіпкерлік мақсаттар үшін ашылған шоттардан ақшаны алу (есептен шығару) туралы төлемді және өзге де құжаттарды қоюға; және/немесе

(b) Клиентті банкрот деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге; және/немесе

(с)Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды қолдануға; Клиент осы Талаптардың осы тармағында көрсетілген Кепілгердің құқықтарын растау үшін Кепілгерге Бланкалық кепілдік бойынша қосылу өтінішінің көшірмесін /Бланкалық кепілдік беру туралы өтінішін /Ақшалай қамтылған кепілдік беру туралы өтінішін ұсыну жеткілікті екенін, Клиенттің қосымша келісімін алудың қажеті жоқ екенін мойындайды; және / немесе

(d) Клиенттің берешегін өтеу кезектілігін (Клиент үшін Талаптардың жақсаруына әкелетін өзгерістерді қоса алғанда) біржақты соттан тыс тәртіпте өзгертуге құқылы, бұл туралы Кепілгер Клиентті осы Талаптарда көзделген тәртіпте және мерзімде хабардар етеді.

7.6. Тараптардың бірі бірінші болып наразылық және даулар туралы екінші тарапқа хабарлаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Тараптар наразылық және дауларға қатысты келісімге келе алмаған жағдайда осы Шартқа байланысты туындаған немесе Шарт талаптарын бұзуға қатысты барлық даулар, келіспеушіліктер, талаптар Кепілгердің (Кепілгер филиалдарының) орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында шешіледі.

7.7. Кепілгер Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, ақша қаражаттарымен және/немесе өзге мүлікпен операцияларды тоқтату немесе оларды жүргізуден бас тарту нәтижесінде туындаған кез келген салдар үшін жауап бермейді.

7.8. Принципалдың өз міндеттемелерін орындамауға/тиісті түрде орындамауға байланысты Кепілгерге келтірген барлық шығындарды Принципал Кепілгер тиісті талап қойған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде өтеуге міндетті.

7.9. Клиент, Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы мақсатында:

- *Клиент – жеке тұлға болған жағдайда:*

- Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырған Дербес және өзге де деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге өз келісімін береді және оның мазмұнымен танысқанын, түсінетінін және қабылдайтынын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және(немесе) толықтырулар енгізу тәртібімен келіседі.

- *Клиент заңды тұлға болған жағдайда:*

- Банктің Клиентті сәйкестендіру, сонымен қатар биометриялық деректерін қолдану арқылы қашықтан сәйкестендіру үшін қажетті Клиент туралы өзекті және нақты мәліметтерді Банктің алуы мақсатында - ресми/заңды дереккөздерден, оның ішінде уәкілетті органдардың мемлекеттік дерекқорынан (бұдан әрі – МД), цифрлық құжаттар сервисінен, кредиттік бюролармен, оның ішінде «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ БСН 120940011577 және «Бірінші кредиттік Бюро» ЖШС БСН 040940002421, «Қазақстандық банкаралық есептесулер орталығы» РММ-мен (бұдан әрі – ҚБЕО) өзара қарым-қатынас жасау, уәкілетті мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасының Электронды үкімет порталы/Электронды лицензиялау және басқа да ресми дереккөздер), Банкпен ақпаратты ұсыну мен алу туралы шарт жасасқан кредиттік бюролармен, ҚБЕО жанындағы Сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығымен (бұдан әрі – СДӨО) және Деректерді алуға/беруге құқығы бар өзге де ұйымдардың/мекемелердің ресми сайттары арқылы Деректерді ұсынуына/беруіне және алуына;

- МД, СДӨО, сондай-ақ ресми және заңды дереккөздер (Қазақстан Республикасының Электронды үкімет порталы/Электронды лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа ресми дереккөздер) иелерінің Деректерді, сонымен қатар МҚ-дан МҚ иелерінен/операторларынан алынған деректерді Банке, кредит бюроларына және өзге ұйымдарға/мекемелерге тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның қолда бар және алдағы уақытта келіп түсетін Деректерді кредит бюроларына және Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы (кредит бюроларын қоса алғанда немесе кредит бюролары арқылы) ұсынуына;

- Банктің өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында Банктің барлық заңды дереккөздерден Клиент туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып, алдын ала талдау жүргізуіне;

- мәліметтерді және (немесе) құжаттарды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

Мемлекеттік кірістер комитетіне және (немесе) оның аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі - мемлекеттік кірістер органы) беруіне, сонымен қатар мемлекеттік кірістер органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында бір күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген белгіленген шекті мөлшерден асатын қолма-қол ақшаны алу туралы мәліметтермен және (немесе) құжаттармен алмасу мақсатында да;

- Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ашуына;

а) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда;

б) банк қызметкерлеріне;

в) Банктің қызметін негіздер бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға;

г) контрагентке(-терге) және өзге тұлғаларға, Банк осындай тұлғамен(-лармен) мәні көрсетілген тұлғалардың Банктен алған/алынатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауы туралы міндеттемелерді қабылдауы болып табылатын келісім(-дер) жасасқан жағдайда;

Коммерциялық, банктік немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығы Клиенттің кінәсінен бұзылған немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа ақпарат көздерінен белгілі болған жағдайда Банк жауапты емес.

- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ (бұдан әрі - Кредиттік бюро):

- (а) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-дан, МДҚ операторларынан/иелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан Клиент туралы ақпарат алуға,

- (б) осы тармақтың а) тармақшасына сәйкес алынған Субъект туралы ақпаратты Банкке беруге;

- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ, МДҚ иелеріне/операторларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға: Кредиттік бюроға және Кредиттік бюро арқылы Банкке Субъект туралы ақпаратты беруге;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылуы міндетті және/немесе ұсынылуы қажет болуы мүмкін Клиент туралы кредиттік есепті, сондай-ақ өзге де қызметтерді кредиттік бюроньң Банкке ұсынуына.

7.10. Клиент осы арқылы Клиенттің шарттар, шарттарға қосымша келісімдер бойынша Банкке берген және алдағы уақытта беретін дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты¹, сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге жағдайларда Клиенттің дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, сонымен қатар, Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, дербес деректерді трансшекаралық беруіне Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған Дербес және өзге де деректерді жинау және өңдеу келісім туралы келісімнің нысаны бойынша алдын ала келісім алғанын растайды.

7.11. Банктің талабы бойынша Клиент дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге дербес деректер субъектілерінен жинаған келісімдерінің баржоғын құжаттамалық растауды ұсынады, ал келісімдердің бар-жоғын құжаттамалық растау мүмкін болмаған кезде осындай келісімдерді жинайды, содан кейін оларды алғанын Банкке растайды.

7.12. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, үшінші тұлғаларға, оның ішінде Банкке беруге және Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Егер дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қатысты қандай да бір шаралар қолданылса, Клиент Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген шығындар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді.

7.13. Банк:

¹ Дербес деректер қатысты жеке тұлға(өкіл, қызметкер, қатысушы / акционер, бенефициарлық меншік иесі, өзге де жеке тұлға)

- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерін жүзеге асырады;
- Клиенттің қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жинауды, өңдеуді және таратуды жүзеге асыруға міндеттенеді;
- Клиенттің қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректеріне қол жеткізу талаптарын дербес айқындауға құқылы;
- Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасының талаптарын ескере отырып, дербес деректерді өңдеу мақсаттары талап еткеннен артық сақтауға және өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін оларды жоюға міндеттенеді;
- Шартты орындау шеңберінде дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді;
- дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша жасалатын іс-әрекеттер туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

8. БАСҚА ЖАҒДАЙЛАР

8.1 Шарттарға барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар егер олар жазбаша түрде жасалғанда ғана жарамды болады, осы Шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда. Шарттарға барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар Кепілгердің www.forte.kz сайтында жарияланған сәттен бастап әрекет етеді.

Кепілгердің Қарыз алушы үшін Шартты жақсартатын біржақты соттан тыс тәртіпте енгізетін өзгерістері/толықтырулары Принципал Кепілгерден тиісті хабарлама алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн өткен соң Принципал Кепілгер ұсынған жақсартатын жағдайлардан жазбаша түрде хабарлама жолдау арқылы бас тартпауы шартында енгізіледі.

8.1. Тараптардың Принципал туралы, бекітілетін мәміле туралы, осы Шарттағы өз міндеттемелерін орындауға байланысты ақпараттар жөніндегі мәліметтерді, Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар мен кредиттік тарихтарды қалаптастыру туралы заңнамасына сәйкес ұсынылуға міндетті және/немесе қажет болуы мүмкін басқа да мәліметтерді кредиттік бюролардың деректемелер базасына ұсынуы үшін Принципал Кепілгерге және кредиттік бюролардың Принципал туралы Кепілгерге кредиттік есеп беруі бланкілі кепілдіктер бойынша қосылу туралы Өтінішпен расталады.

8.2. Осы Шарттың әр Тарабы келесі Тараптан осы Шарттың талаптарына сәйкес алынған қаржылық, коммерциялық және басқа да ақпараттардың қатаң құпиялығын сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, баспаға жариялау немесе жария ету Тараптардың жазбаша келісімі бойынша, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда ғана мүмкін болады.

8.3. Принципал осы Шартқа қол қоя отырып, төмендегілерге келісім береді:

- 1) Кепілгердің банктік операцияларды жүзеге асыру үшін Кепілгерге ұсынылған кез келген түрдегі жеке және басқа мәліметтерді алу, тексеру/қайта тексеру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген әрекеттер мен шараларды жүзеге асыруына;
 - 2) Принципалдың жеке /дербес мәліметтерін жинауға, өңдеуге FATCA талаптарына сәйкес, онымен қоса Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органы арқылы АҚШ (Internal Revenue Service) Салық Қызметіне беру үшін ұсынуға;
 - 3) Кепілгердің коммерциялық құпияны, банктік құпияны құрайтын ақпараттарды және Қазақстан Республикасыны заңнамасымен қорғалатын басқа құпияны Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте ашуына:
- а) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда;
 - б) Кепілгердің қызметкерлеріне;
 - в) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және негізінде Кепілгердің қызметіне тексеру жүргізетін, тұлғаларға;

г) Кепілгер осындай тұлғамен(-лармен) мәні Кепілгерден алған/алатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу туралы міндеттемелерді контрагенттің(-тердің) қабылдауы болып табылатын келісімді(-дерді) жасау шартында, Кепілгердің аудиторуна, контрагент(-тер)іне;

д) Кепілгер мен банктердің арасында келісілген тәртіпте, банктік құпия болатын мәліметтер бойынша сұранымдарды орындау және бағыттары бойынша Кепілгер мен банктердің өзара электрондық қарым-қатынасы шеңберінде, басқа банктерге.

4) Принципалға қатысты банктік және коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоса отырып, бірақ онымен шектелмей-ақ, Шарт бойынша Принципал міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамағанда Принципал мен оның Кепілдігінің сомасы туралы Кепілгердің үшінші тұлғаларға ақпараттар ұсынуына.

5) Принципалға қатысты жеке мәліметтер мен құпия ақпараттарды өңдеуге, оған қоса оларды Кепілгердің қарауы бойынша қажет деп саналатын кез келген мақсатқа қолдануға келісімін береді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияларды құрайтын Тараптардың иелігіндегі үшінші тұлғалар туралы, олардың жеке мәліметтері болып табылатын кез келген ақпарат беру ақпарат ұсынушы Тараптың осындай ақпаратты беру туралы (өңдеу, оның ішінде тиісті мақсаттарға қолдану мақсатында) осындай келісімдерде белгіленген көлемде үшінші тұлғалардың тиісті келісімдерін алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Банк:

«ForteBank» АҚ

Мекенжайы: Нұр-Сұлтан қ-сы, Достық к-сі, 8/1

БСК IRTYKZKA БСН

990740000683

БЕК – 14

Коршот: «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дегі
KZ23125KZT1001300204

Телефоны: +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75, 55575

(мобильді телефоннан)